

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome



MC151



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2
2 Шағын Hi-fi жүйесі	5
Кіріспе	5
Қораптың құрамы	5
Негізгі құрылғыны шолу	6
Қашықтан басқару құралына шолу	7
3 Жұмысты бастау	9
Динамиктерді қосу	9
Қуатты қосу	9
Қашықтан басқару құралын дайындау	10
Сағатты орнату	10
Қосу	10
4 Ойнату	11
Диск ойнату	11
Кассетаны ойнату	12
Сыртқы құрылғыдан ойнату	13
Дыбыс деңгейін және дыбыс әсерін реттеу	13
5 Радио тыңдау	14
FM/AM радиостанциясын реттеңіз.	14
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	14
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	14
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	14
6 Басқа мүмкіндіктер	15
Оятқыш таймерін орнату	15
Ұйқы таймерін орнату	15
Құлақсаппа арқылы тыңдау	15
7 Өнім туралы ақпарат	16
Ерекшеліктер	16
Техникалық қызмет көрсету	16

8 Ақаулықтарды жою	18
9 Ескерту	19
Сәйкестік	19
Қоршаған ортаны күту	19
Авторлық құқықтары	19

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін корпусты алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады.

АБАЙЛАҢЫЗ! От немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және оның үстіне вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ! Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Барлық нұсқауларды орынданңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, қронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.

- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалғанда, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткен немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ
 - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
 - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
 - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
 - Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
 - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
 - Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
 - Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
 - Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Есту қауіпсіздігі



Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.

- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Үлқтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.



Ескертпе

- Түр тақтасы өнімнің артқы жағында орналасқан.

2 Шағын Hi-fi жүйесі

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы шағын жүйемен келесі әрекеттерді орындай аласыз:

- дискілерден, кассеталардан және сыртқы дыбыстық құрылғылардан дыбысты ойнату және
- FM/AM радиостанцияларын тыңдау

Дыбыс шығысын келесі дыбыс әсерімен байыта аласыз:

- Динамикалық бассты күшейту (DBB)

Шағын жүйе келесі мультимедиа пішімін қолдайды:




Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- Зорайтқыш қораптары x 2
- Қашықтан басқару пульті
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту парақшасы


Негізгі құрылғыны шолу



- ① **PULL TO OPEN**
 - Диск бөлімін ашу немесе жабу.
- ② **STANDBY-ON**
 - Шағын жүйені қосу.
 - Жүйені күту режиміне ауыстыру.
- ③ **iR**
 - Қашықтан басқару құралынан инфрақызыл сигналдарды қабылдайды.
- ④ **SOURCE**
 - Көзді таңдау: диск, тюнер, кассета немесе AUX (сыртқы дыбыс көзі).
- ⑤ **PRESET +/-**
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- ⑥ **DBB**
 - Динамикалық басс күшейтуді қосыңыз немесе өшіріңіз.
- ⑦ **Кассеталық деканы пайдалану**
 - ▶ Таспаны ойнатуды бастаңыз.
 - ◀◀ / ▶▶ Кассетаны жылдам артқа айналдыру немесе алға айналдыру.
 - / ▲ Таспаны ойнатуды тоқтатыңыз немесе таспа есігін ашыңыз.
 - ▬ Таспаны ойнатуды уақытша тоқтатыңыз.
- ⑧ **TUNING ◀◀ / ▶▶**
 - Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу.
 - Жолда немесе дискіде іздеу.
 - Радиостансаны реттеу.
- VOL +/-**
 - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑨ **▶▬**
 - Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- ⑩ **REPEAT**
 - Әуенді немесе дискіні қайталау.

- ⑪ **PROG**
 - Жолдарды бағдарламалау.
 - Радио станцияларды бағдарламалау.
- ⑫ **■**
 - Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.
- ⑬ **PULL TO OPEN**
 - Кассета түймесінің қақпағын ашу.

Қашықтан басқару құралына шолу




- ① **Көзді таңдау пернелері**
 - Көзді таңдау: диск, тюнер, кассета немесе AUX (сыртқы дыбыс көзі).

- ② **SHUF**
- Жолдарды кездейсоқ ретпен ойнату.
- ③ **REP ALL**
- Барлық әуенді қайталап ойнату.
- ④ **TIMER ON/OFF**
- Оятқыш таймерін қосу немесе өшіру.
- ⑤ **PROG**
- Жолдарды бағдарламалау.
 - Радио станцияларды бағдарламалау.
- ⑥ **PRESET +/-**
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- ⑦ **POWER**
- Шағын жүйені қосу.
 - Шағын жүйені күту режиміне ауыстыру.
- ⑧ **SLEEP**
- Ұйқы таймерін орнатыңыз.
- ⑨ **CLOCK/DISPLAY**
- Сағатты орнату.
 - Ойнату ақпаратын көрсету.
- ⑩ **TIMER**
- Оятар таймерін орнатыңыз.
- ⑪ **▶ II**
- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- ◀◀ / ▶▶**
- Жолда немесе дискіде іздеу.
 - Радиостансаны реттеу.
- I◀ / ▶I**
- Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу.
- ⑫ **DBB**
- Динамикалық басс күшейтуді қосыңыз немесе өшіріңіз.
- ⑬ **■**
- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.
- ⑭ **VOL +/-**
- Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑮ **MUTE**
- Дыбысты өшіру.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Динамиктерді қосу



Ескертпе

- Әрбір динамик сымының жалаңаш бөлігін ұяшыққа толықтай енгізіңіз.
- Жақсырақ дыбыс сапасы үшін тек жинақпен берілген динамиктерді пайдаланыңыз.
- Кедергісі жинақтағы динамиктермен бірдей немесе жоғарырақ динамиктерді ғана пайдаланыңыз (осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз).

- 1 Оң жақ динамик үшін негізгі бөлікте «RIGHT» (ОҢ) деп белгіленген ұяшықтарды табыңыз.
- 2 Қызыл сымды қызыл (+) ұяшыққа, қара сымды қара (-) ұяшыққа салыңыз.

- 3 Сол жақ динамик үшін негізгі бөлікте «LEFT» (СОЛ) деп белгіленген ұяшықтарды табыңыз.
- 4 Сол жақ динамик сымын қосу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Әр динамик сымын қосу үшін:

- 1 Ұяшық қақпағын төмен басып тұрыңыз.
- 2 Динамик сымын толығымен салыңыз.
- 3 Ұяшық қақпағын жіберіңіз.


Қуатты қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі шағын жүйенің артқы жағында басылған кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- АТ қуат сымын жалғау алдында барлық басқа жалғаулардың аяқталғанын тексеріңіз.

АТ қуат сымын розеткаға қосыңыз.




Қашықтан басқару құралын дайындау

! Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 2 AAA батареясын (жинаққа кірмейді) көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



≡ Ескертпе

- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Сағатты орнату

- 1 Жүйені күту режиміне ауыстыру үшін **POWER** түймесін басыңыз.
↳ --- (немесе сағат) көрсетіледі.
- 2 Сағатты орнату режимін белсендіру үшін **CLOCK/DISPLAY** түймесін 2 секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ 12 немесе 24 сағаттық формат көрінеді.
- 3 12 немесе 24 сағаттық пішімді таңдау үшін **PROG** түймесін қайталап басыңыз.

- 4 Растау үшін, **CLOCK/DISPLAY** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 5 Сағатты орнату үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 6 Растау үшін, **CLOCK/DISPLAY** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 7 Минутты орнату үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 8 Растау үшін, **CLOCK/DISPLAY** түймесін басыңыз.

* Кеңес

- Ойнату кезінде сағатты көру үшін **CLOCK/DISPLAY** түймесін қайталап басыңыз, сағат көрсетіледі.

Қосу

POWER түймесін басыңыз.

- ↳ Шағын жүйе соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту режиміне ауысу

Жүйені күту режиміне ауыстыру үшін

POWER түймесін басыңыз.

- ↳ Дисплей панеліндегі артқы жарық азайтылады.
- ↳ Сағат (қойылса) дисплейге шығады.

4 Ойнату


Диск ойнату



Ескертпе

- Дискіде ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 Жоғарғы панельде диск бөлімін ашу үшін жоғары тартыңыз.
- 2 Дискіні басылған жағын жоғары қаратып салыңыз, одан кейін диск бөлімін жабыңыз.



- 3 Диск көзін таңдау үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 4 Ойнатуды бастау үшін **▶||** түймесін басыңыз.

Ойнатуды басқару

Ойнату барысында ойнатуды басқару үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Түйме	Функция
◀◀ / ▶▶	Ойнату кезінде әуенді алға жылдам айналдыру немесе артқа жылдам айналдыру үшін басып тұрыңыз, одан кейін ойнатуды жалғастыру үшін жіберіңіз.
◀ / ▶	Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу.
▶	Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
■	Ойнатуды тоқтату.

Қайталап ойнату

- 1 Ойнату кезінде қайталап ойнату режимін таңдаңыз:
 - Ағымдағы әуенді қайталап ойнату үшін негізгі бөлікте **REPEAT** түймесін басыңыз.
 - Барлық әуендерді қайталап ойнату үшін қашықтан басқару құралында **REP ALL** түймесін басыңыз.
- 2 Қалыпты ойнатуға оралу үшін **REPEAT** немесе **REP ALL** түймесін қайтадан басыңыз.

Кездейсоқ ойнату

- 1 Ойнату кезінде **SHUF** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[SHUF]** (аралас) көрсетіледі.
 - ↳ Барлық әуендер кездейсоқ ретпен ойнатылады.
- 2 Қалыпты ойнатуға оралу үшін **SHUF** түймесін қайтадан басыңыз.



Ескертпе


- Бағдарламаланған әуендерді ойнатқанда кездейсоқ ретпен ойнатуды таңдау мүмкін емес.

Жолдарды бағдарламалау.

Ықшам диск режимінде ең көбі 20 әуенге дейін бағдарламалауға болады.

- 1 Ешбір әуен көрсетілмесе, бағдарламалау режимін белсендіру үшін **PROG** түймесін басыңыз.
↳ **[PROG]** (бағдарлама) дисплейде жыпылықтайды.
- 2 Жол нөмірін таңдау үшін, **◀/▶** түймесін басыңыз да, растау үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
- 3 Қосымша әуендерді бағдарламалау үшін 2-қадамды қайталаңыз.
- 4 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін **▶||** түймесін басыңыз.
↳ Ойнап тұрғанда **[PROG]** (бағдарлама) дисплейге шығады.
 - Бағдарламаны өшіру үшін **■** түймесін екі рет басыңыз.

Кассетаны ойнату



- 1 Таспа көзін таңдау үшін **TAPE** түймесін басыңыз.
- 2 Алдыңғы панельде кассета түймесінің қақпағын ашу үшін **PULL TO OPEN** орнында тартыңыз.
- 3 Таспа есігін ашу үшін **■▲** түймесін басыңыз.
- 4 Кассетаны ашық жағын төмен қаратып салыңыз да, кассета есігін жабыңыз.
- 5 Ойнатуды бастау үшін **▶** түймесін басыңыз.
 - Кассетаны ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін **||** түймесін басыңыз.
 - Кассетаны ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
 - Кассетаны жылдам артқа айналдыру немесе алға айналдыру үшін **◀/▶** түймесін басыңыз.


Ойнату ақпаратын көрсету

Ойнату кезінде басқа ойнату ақпаратын көру үшін **CLOCK/DISPLAY** түймесін қайталап басыңыз.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Бұл шағын жүйемен MP3 ойнатқыш сияқты сыртқы құрылғыдағы дыбысты да ойнатуға болады.

- 1 Екі соңында 3,5 мм ашасы бар дыбыс кабелін (жинақта жоқ) мыналарға қосыңыз:
 - шағын жүйедегі **AUX** ұяшығына және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұяшығына.



- 2 AUX көзін таңдау үшін **AUX** түймесін басыңыз.
- 3 Сыртқы құрылғыдағы дыбысты ойнату (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Дыбыс деңгейін және дыбыс әсерін реттеу

Түйме	Функция
VOL +/-	Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
MUTE	Дыбысты өшіріңіз немесе жалғастырыңыз.
DBB	Динамикалық басс күшейтуді қосыңыз немесе өшіріңіз.

5 Радио тыңдау

FM/AM радиостанциясын реттеңіз.



Кеңес

- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 Радио көзін таңдау үшін **TUN** түймесін басыңыз.
- 2 Жиілік өзгере бастағанша **◀◀ / ▶▶** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ **[SEARCH]** (іздеу) дисплейге шығады.
 - ↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
 - Әлсіз сигналы бар станцияға реттеу үшін жақсырақ қабылдауды тапқанша, **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 40 сақтаулы радиостансаны бағдарламалай аласыз.

Тюнер режимінде автоматты бағдарламалауды белсендіру үшін **PROG** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.

- ↳ **[AUTO]** (автоматты) көрсетіледі.
- ↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
- ↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 40 сақтаулы радиостансаны бағдарламалай аласыз.
- Бағдарламаланған радиостанцияны қайта жазу үшін оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

- 1 Радиостансаны реттеу.
- 2 Бағдарламаға енгізуді іске қосу үшін **PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[PROG]** дисплейде жыпылықтайды.
- 3 Осы радио станцияға нөмір беру үшін **PRESET +/-** түймесін басыңыз, одан кейін құптау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Бұл радиостанцияның алдын ала орнатылған нөмірі мен жиілігі көрсетіледі.
- 4 Басқа стансаларды бағдарламаға енгізу үшін 1-3 қадамдарды қайталаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін тюнер режимінде **PRESET +/-** түймесін басыңыз.

6 Басқа мүмкіндіктер

Оятқыш таймерін орнату

Бұл микро жүйені оятқыш ретінде пайдалануға болады. Оятқыш көзі ретінде дискіні немесе тюнерді таңдауға болады.

Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Жүйені күту режиміне ауыстыру үшін **POWER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат көрсетіледі.
- 2 Көзді таңдауға шақыру көрсетілгенше, **TIMER** түймесін 2 секунд бойы басып тұрыңыз.
- 3 Дабыл көзін таңдау үшін **DISC** немесе **TUN** түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін, **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 5 Сағатты орнату үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 6 Растау үшін, **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 7 Минутты орнату үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 8 Растау үшін, **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Таймер қойылып іске қосылады.

Оятқыш таймерін белсендіру/өшіру

Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату үшін **TIMER ON/OFF** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- ↳ Егер  көрсетілсе, оятқыш таймері белсендіріледі.
- ↳ Егер  белгішесі жоғалса, оятар таймер өшеді.

Ескертпе

- AUX режимінде оятқыш таймері қол жетімді емес.
- Таңдалған оятқыш көзі қол жетімді емес болса, тюнер автоматты түрде белсендіріледі.

Ұйқы таймерін орнату

Бұл шағын жүйе күту режиміне белгіленген уақыт кезеңінен кейін автоматты түрде ауыса алады.

Жүйе қосұлы кезде алдын ала орнатылған кезеңді (минутпен) таңдау үшін **SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.

- ↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zz** көрсетіледі.
- Ұйқы таймерін өшіру үшін **SLEEP** түймесін **[0]** көрсетілгенше қайталап басыңыз.
- ↳ Ұйқы таймері өшірілгенде, **zz** өшіп қалады.

Құлақаспап арқылы тыңдау

Құлақаспапты шағын жүйедегі **HEADPHONE** ұяшығына қосыңыз.

7 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Шығыс қуат	2 x 2 Вт ОКМ
Жиілік жауабы	125 - 16000 Гц
Сигнал-шу арақатынасы	60 дБА

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Қолдау көрсетілетін диск	CD-DA, CD-R, CD-RW
Жиілік жауабы	125 -16000 Гц
Сигнал-шу арақатынасы	60 дБА

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц MW: 531-1602 кГц
Реттеу торы	FM: 50 кГц MW: 9 кГц
Сезімталдық - 26 дБ С/Ш арақатынасы	FM: 20 мкВ MW: 5 мВ/м
Гармоникалық мазмұн	< 5%

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	8 Ом
Өлшемдері (Е x Б x Қ)	134 x 230 x 152 мм

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	220 - 230 В, 50 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	15 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	<1 Вт
Мөлшері	148 x 233 x 216 мм
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	
Салмағы	
- динамиктермен бірге	3,65 кг
- динамиктерсіз	1,53 кг

Техникалық қызмет көрсету

Корпусын тазалау

- Жұмсақ тазалағыш ерітіндімен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Құрамында алкоголь, спирт, аммиак немесе абразив бар ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Дискілерді тазалау

- Диск кірлегенде, оны тазалағыш шүберекпен сүртіңіз. Дискіні ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.




- Бензин, ерітінді, сатып алынған тазалағыштар немесе ұқсас жазбаларға арналған антистатикалық спрейді пайдаланбаңыз.

Диск линзасын тазалау

- Ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін диск линзасында кір не шаң жиналып қалуы мүмкін. Ойнату сапасын жақсарту үшін диск линзасын Philips CD линза тазалағышымен немесе басқа сатып алынған тазалағышпен тазалаңыз. Тазалағыштағы нұсқауларды орындаңыз.

Бастары мен таспа жолдарын тазалау

- Жақсы ойнату сапасын қамтамасыз ету үшін бастиектерді **A**, төбені(лерді) **B** және қысым білігін(терін) **C** таспа операциясының 50 сағаты сайын тазалаңыз.
- Аздап тазалау сұйықтығына немесе спиртке малынған мақта тампонды пайдаланыңыз.



- Сондай-ақ, тазалау таспасын бір рет ойнату арқылы бастарын тазалаңыз.

Бастарын магнитсіздендіру

- Дилерден алуға болатын магнитсіздендіру таспасын пайдаланыңыз.

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ қуат сымының дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Құлақаспаптарды ажыратыңыз.
- Динамиктер дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Ашық динамик сымдарының қысылып қалған-қалмағанын тексеріңіз.

Сол және оң дыбыс шығыстары ауысып кеткен

- Динамик қосылымдарын және орнын тексеріңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Өнім мен басқа электр құрылғылар арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Антеннаны толығымен ұзартыңыз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр шнуры ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

9 Ескерту


WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Авторлық құқықтары



**Be responsible
Respect copyrights**

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың,

файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.



Specifications are subject to change without notice.
2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
Philips and the Philips' Shield Emblem are registered trademarks
of Koninklijke Philips N.V. and are used by WOOX Innovations
Limited under license from Koninklijke Philips N.V.

MC151_12_UM_V2.0

